

## Сандықтау ауданы Каменск ауылдық округі Каменка ауылының көшелерін қайта атап туралы

Ақмола облысы Сандықтау ауданы Каменск ауылдық округінің 2018 жылғы 22 қарашадағы № 2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 14 желтоқсанда № 6943 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң                            е с к е р т п е с і .

**Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 35, 37 баптарына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 05 қазандығы негізінде, Каменск ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сандықтау ауданы Каменск ауылдық округі Каменка ауылының көшелері қайта аталсын:
  - 1) Набережная көшесі Мұхамеджан Тынышбаев көшесіне;
  - 2) Московская көшесі Ахмет Байтұрсынұлы көшесіне;
  - 3) Киров көшесі Ілияс Жансұгіров көшесіне;
  - 4) Заготзерно көшесі Қанай би көшесіне;
  - 5) Лесная көшесі Мағжан Жұмабаев көшесіне.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Каменск ауылдық  
округі әкімінің  
міндетін атқарушы

Л.Сахнова